

# Munaily meken

№ 03  
Наурыз  
2019 жыл

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

СУРЕТТЕ ОТПАН ТАУДАҒЫ ШАРАДАН КӨРІНІС (МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ)



8-9 ▶▶

## Құрметті әріптестер!

Сіздерді **ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ** мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Әз-Наурыз – барша Қазақстан халқын біріктіретін ұлы мереке. Реніші, өкпе-назы бар адамдар бұл күні татуласып, кешірім сұрасады. Өйткені, Наурыз – ынтымақ пен бірліктің, татулықтың нышаны. Айтулы мейрамды мұнайшы қауым да зор ықыласпен атап өтті. «Қара алтынды» игеріп жатқан кеншілер ел байлығын арттыру жолында қажырлы еңбек етіп, Наурызды игі табыстармен, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды.

Қымбатты мұнайшылар, жыл басы Наурыз әрбір шаңыраққа жақсылық алып келсін! Отбастарыңызға амандық, өздеріңізге зор денсаулық тілеймін! Әрқашан бірлігіміз жарасып, татулығымыз арта берсін! Жылдан жылға аман-есен жете берейік! Өндірісіміз өрге басып, басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын!

Алик АЙДАРБАЕВ,  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқарма Төрағасы



## ҚМГ басшылары Қызылорда облысына жұмыс сапарымен барды

Наурыздың 13-і күні «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев бастаған ҚМГ делегациясы Қызылорда облысы әкімінің қатысуымен өткен өңірдегі мұнай өндіруші компаниялары басшыларының отырысына қатысты. Сондай-ақ Қызылорда облысының бірқатар кәсіпорындарын аралады. Ұлттық компания басшыларының делегация құрамына «ҚМГ» ҰК АҚ сатып алу және жабдықтау жөніндегі басқарушы директоры Есен Қайыржан, «ҚМГ» ҰК АҚ газ тасымалдау және сақтау жөніндегі басқарушы директоры Ибулла Сердиев, «ҚМГ» ҰК АҚ барлау жөніндегі басқарушы директоры (бас геолог) Нұрлан Қонысов, «ҚМГ» ҰК АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі

әдіснама және сараптама департаментінің директоры Ботагөз Әшірбекова кірді.

Игерілген кеніштердің табиғи сарқылуы жағдайында Қызылорда облысының мұнай-газ секторын дамыту мәселесі Сыр өңірінің әкімімен өткен отырыстың басты тақырыбына айналып, кеңінен талқыланды.

Жиыннан кейін Алик Айдарбаев пен Қырымбек Көшербаев Сырдария ауданына барып, Тереңөзек кентінің ардагерлерімен кездесті. Кездесуден соң қонақтарға Қызылорда қаласындағы солжағалаудың құрылысын дамыту жоспарлары таныстырылды.

Жұмыс сапары барысында ҚМГ делегациясы «Қазгермұнай» компаниясының

бас кеңсесіне барды. Мұнда Серіктестік басшыларының қатысуымен жиналыс өтті. Жиналыста «Қазгермұнай» БК ЖШС бас директоры Мұрат Мұстафаев Серіктестіктің 2018 жылғы қаржы-шаруашылық қызметі бойынша есеп беріп, 2019 жылға жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ жиында кәсіпорынның ресурстық қорын ұлғайту жөніндегі мәселе талқыланды.

Іссапар соңында ҚМГ басшылары «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ орталық офисіне барды. Онда компанияның 2018 жылдың қорытындысы бойынша есеп беріліп, осы жылға жоспарланған іс-шаралар жөнінде айтылды. **М**



## Делегация руководителей КМГ побывала в Кызылординской области



Председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Алик Айдарбаев во главе делегации КМГ принял участие в совещании руководителей нефтедобывающих компаний региона с участием акима Кызылординской области и посетил ряд производственных объектов Кызылординской области. В состав большой делегации руководителей национальной компании вошли управляющий директор по закупкам и снабжению АО «НК «КМГ» Е. Кайржан, управляющий директор по транспортировке и хранению газа АО «НК «КМГ» И. Сердиев, управляющий директор по разведке (главный геолог) АО НК «КМГ» Н. Конысов, директор департамента методологии и

экспертизы управления человеческими ресурсами АО «НК «КМГ» Б. Аширбекова.

Главным вопросом обсуждения на совещании с акимом Кызылординской области стало развитие нефтегазового сектора Кызылординского региона в условиях естественного истощения разрабатываемых месторождений.

По окончании совещания Алик Айдарбаев и Крымбек Кушербаев побывали в Сырдарьинском районе, где в п. Теренөзек встретились с ветеранами труда. Затем гостям была предоставлена возможность ознакомиться с перспективами застройки левого берега г. Кызылорда.

Еще одним объектом посещения стало головное управление ТОО «СП

«Казгермұнай», где прошло рабочее совещание с участием руководителей Товарищества. В ходе совещания Генеральный директор ТОО «СП «КМГ» Мурат Мустафаев выступил с отчетом о финансово-хозяйственной деятельности Товарищества по итогам 2018 года и рассказал о планах на 2019 год. На встрече также обсуждался вопрос о расширении ресурсной базы компании.

Завершающим объектом поездки стало посещение центрального офиса АО «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз», где делегация КМГ был предоставлен отчет по итогам 2018 года и презентован план на текущий год. **М**

## «Абай» жобасы бойынша келісімдерге қол қойылды

2019 жылғы 11-і наурызда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Эни Исатай Б.В.» компаниясы Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Абай» учаскесі жөніндегі жобаны бірігіп іске асыру шеңберінде Бірлескен қызмет туралы келісімге және Қаржыландыру туралы келісімге қол қойды.

Қол қойылған осы екі келісімнің негізінде тараптар Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексіне сәйкес тікелей келіссөздер жүргізуге және көмірсутекті шикізатты барлау мен өндіруге келісімшарт жасасу үшін Энергетика министрлігіне өтінім беретін болады. **М**



## Подписан ряд соглашений по проекту Абай

11 марта 2019 года АО НК «КазМунайГаз» и компания «Эни Исатай Б.В.» подписали Соглашение о совместной деятельности и Соглашение о финансировании в рамках совместной реализации проекта по участку «Абай», расположенного в казахстанском секторе Каспийского моря.

На основании подписанных соглашений стороны в соответствии с Кодексом Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» обратятся в Министерство энергетики РК с заявкой на проведение прямых переговоров и заключение контракта на разведку и добычу углеводородного сырья. **М**

## Ұлттық компанияның Басқарма құрамы өзгерді

2019 жылғы 7 наурызда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Компания Басқармасының құрамы кеңейтілді.

Басқарманың жаңа мүшелері болып Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Нәсіпқалиұлы Марабаев, Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары Данияр Әмірбайұлы Берлібаев және сатып алу және жабдықтау жөніндегі басқарушы директор Есен Қайыржанұлы Қайыржан сайланды.

2019 жылғы 6 ақпанда Компанияның Директорлар кеңесі жаңа ұйымдық құрылымды бекіткенін, соған сәйкес негізгі бизнес-бағыттарға басқару процестерінің ара жігі ажыратылып, осы бағыттарды дамыту үшін жетекшілер тағайындалғанын атап өтеміз. Құрылымның өзгеруі өндіріс тиімділігі мен Компаниядағы корпоративтік басқаруды арттыруға, шешімдердің жедел қабылдануын қамтамасыз етуге және Компанияның орталық офисі мен еншілес және тәуелді ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған. **М**

## Изменен состав Правления АО НК «КазМунайГаз»

7 марта 2019 года решением Совета директоров АО НК «КазМунайГаз» расширился состав Правления Компании.

Новыми членами Правления избраны заместитель председателя Правления по производству Марабаев Жакып Насибкалиевич, заместитель председателя Правления по транспортировке нефти, международным проектам и строительству газопровода «Сарыарқа» Берлибаев Данияр Амирбаевич и управляющий директор по закупкам и снабжению Кайржан Есен Кайржанович.

Напомним, 6 февраля 2019 года Советом директоров Компании была утверждена новая организационная структура, согласно которой разграничены процессы управления на ключевые бизнес-направления и назначены кураторы за развитие данных направлений. Изменение структуры направлено на повышение эффективности производства и корпоративного управления Компании, обеспечение оперативности принятия решений и улучшение взаимодействия между центральным офисом Компании и дочерними зависимыми организациями. **М**

# Магистраль «Сарыарка»

Проект газификации центрального и северного Казахстана, без преувеличения – самый ожидаемый обществом проект, ведь новая транспортная артерия даст возможность перейти на качественное и экологичное топливо сразу нескольким регионам республики. О задачах, стоящих перед строителями магистрали, корпоративной газете «Munaily meken» рассказывает заместитель председателя правления АО НК «КазМунайГаз» по транспортировке нефти, международным проектам и строительству газопровода «Сарыарка» Данияр Берлибаев.

Рэмур НИГМАТУЛИН



**– Данияр Амирбаевич, каковы стратегические цели проекта, как в итоге голубое топливо сможет изменить жизнь регионов Казахстана?**

– Это газотранспортный проект, направленный на газификацию центрального и северного Казахстана. Магистральный газопровод «Сарыарка» называют сегодня важнейшим, имеющим значительную социальную составляющую, способным напрямую повлиять на качество жизни населения ряда регионов РК.

Главная цель проекта – снабжение природным газом более двух миллионов казахстанцев, перевод с угля на газ объекты отопления, улучшение экологии регионов, по которым пройдет газопровод, воздушного бассейна столицы Казахстана. Строительство газопровода даст импульс развитию малого и среднего бизнеса в ряде областей РК, создаст новые рабочие места в момент строительства газопровода и после его окончания. Кроме того, привлечет инвестиции в развитие производств в регионах по всей протяженности «трубы», на новый уровень выведет сотрудничество с действующими казахстанскими предприятиями за счет размещения заказов на трубную и другую продукцию. По состоянию на сегодняшний день выполнено большинство подготовительных мероприятий для реализации проекта.

**– В своем Обращении к народу Казахстана 5 марта 2018 года Первый Президент Республики Казахстан особо подчеркнул, что ставит строительство данного объекта в разряд приоритетных, и задача его**

**участников – провести работы в ускоренном темпе, сдав первую очередь уже в конце текущего года.**

– К концу 2019 года Центральный Казахстан и в ближайшей перспективе северные регионы страны должны быть, согласно поручению Н.Назарбаева, полностью обеспечены природным газом. Газопровод планируется строить в четыре этапа. Первая очередь будет проложена по маршруту Кызылорда-Жезказган-Караганда-Темиртау-Нур-Султан. Его протяженность на данном участке составит 1081 километр, диаметр труб – 820 мм. с возможностью дальнейшей газификации Кокшетау и Петропавловска природным газом с отечественных месторождений Карачаганак, Тенгиз и Кашаган, где сосредоточены крупнейшие ресурсы газа. Практически готова вся инфраструктура, чтобы направлять газ из Западного Казахстана реверсом через существующий газопровод Средняя Азия – Центр на юг страны через недавно построенный газопровод Бейнеу-Бозой-Шымкент. Трубу «Сарыарки» планируется подключить к нему в Кызылординской области и направить на север. На 2-м этапе предусмотрено строительство магистрального газопровода Нур-Султан – Кокшетау протяженностью 276 км, что позволит газифицировать всю Акмолинскую область, включая Кокшетау и Щучинско-Боровскую курортную зону. На 3-ем этапе предполагается строительство магистрального газопровода Кокшетау – Петропавловск протяженностью 177 км,

что позволит газифицировать северный регион страны. На 4-м этапе с прогнозом увеличения объемов потребления газа предполагается строительство компрессорных станций «Жезказган» и «Темиртау» для увеличения пропускной способности магистрального газопровода до 3 млрд куб. м/год. Подрядчиком строительства первой очереди определена компания «КазСтройСервис», а оператором – «Астана Газ КМГ». Планируется, что в период строительства газопровода «Сарыарка» будет создано порядка 1900 рабочих мест, а в период эксплуатации, согласно ТЭО, на обслуживании магистрали будут трудиться более 200 рабочих. По состоянию на сегодняшний день выполнено большинство подготовительных мероприятий для реализации проекта. С 20 января 2019 года началась доставка вахтовых поселков, техники и персонала.

**– Расскажите, пожалуйста, о структуре финансирования первого этапа проекта.**

– Структура финансирования строительства на этом этапе в размере 267,3 млрд. тенге согласована Государственной комиссией по модернизации экономики РК, под председательством Премьер-Министра РК от 27 августа 2018 года. В том числе:

- 80,3 млрд. тенге привлечены за счет пополнения уставного капитала проектной компании АО «АстанаГаз КМГ» ее учредителями АО «Самрук-Казына» (40,15 млрд тенге) и АО «Baiterek Venture Fund» (40,15 млрд тенге).

- 85 млрд тенге привлечены за счет облигационного займа проектной компании АО «АстанаГаз КМГ».

- 102 млрд тенге будут привлечены за счет облигационного займа проектной компании АО «АстанаГаз КМГ». Размещение облигаций – июнь 2019 года со ставкой 10% на срок 10 лет. Инвесторами выступили ЕАБР и АО «БРК».

Планируется, что газом будет снабжаться 171 населенный пункт, 119 – в Карагандинской области и 52 – Акмолинской.

**– Известно, что экология столицы ухудшилась, особенно это ощущается в отопительный сезон. Сможет ли изменить ситуацию газ, который придет по трубопроводу «Сарыарка»?**

– Газопровод позволит перевести на газ 192 частных и 48 малых коммунальных котельных, 22 тысячи частных жилых домов и водогрейных котлов ТЭЦ-1, 2, а в перспективе – строящуюся ТЭЦ-3. Эти меры в итоге должны улучшить экологическое состояние столицы, которая сегодня страдает особенно в зимнее время (в отопительный сезон в воздух Нур-Султана выбрасывается до 36 тысяч тонн вредных веществ). Объем потребления каменноугольного топлива вследствие газификации снизится на 650 тысяч тонн/год



(снижение вредных выбросов в атмосферу на 35 тысяч тонн в год в столице).

**– Известно, что, к примеру, в Карагандинской и Акмолинской областях газопровод пройдет по участкам с определенным количеством естественных преград – переходы через реки, дороги, коммуникационные линии, скальный грунт. Как планируется решать эти проблемы?**

– Собственно, это не проблемы – скорее, плановые препятствия. Строительство данного трубопровода не является слишком трудоемким – мы ведь не проходим по горным вершинам, не пробиваем тоннели. С другой стороны, у нас установленный правительством дедлайн, а естественных преград в Акмолинской и Карагандинской областях, конечно же, больше чем, к примеру, в Кызылординской области. Решать эти вопросы мы планируем привлечением значительно большего количества работников и спецтехники одновременно. Если в начале строительных работ подрядчик привлекает 708 человек и 208 единиц техники, то в наиболее загруженные месяцы на объект будет мобилизовано почти 1760 человек и 703 единицы техники.

На скальных участках будут проводиться буровзрывные работы, применятся специальные технологии прохождения через реки и дороги. Маршрут газопровода разработан оптимальный – он проходит вдоль основных железнодорожных и автомобильных трасс, соответственно, пройдет в достаточной близости от населенных пунктов, которые предстоит в дальнейшем газифицировать.

**– Спасибо за интервью!**





Система позволяет проводить удаленный мониторинг и управление объектами АО «КБМ», контролировать энергопотребление, оптимизацию эксплуатации оборудования, рационально управлять персоналом, повысить качество информации и уровень автоматизации производства в целом.

По итогам 2018 года в рамках программы «Интеллектуальное месторождение» АО «КБМ» введена в эксплуатацию система беспроводной производственной связи на базе оборудования марки «InfiNet Wireless». На территории месторождения Каражанбас установлены семь базовых станций InfiMAN 2x2 R5000, которые обеспечивают полный охват территории месторождения беспроводной производственной сетью. Для мониторинга состояния скважин в режиме реального времени на 114 скважинах, оснащенных

интеллектуальными станциями управления, установлены абонентские терминалы, обеспечивающие высокую скорость передачи технологических параметров на центральный диспетчерский пункт. В настоящее время специалистами ДАПИИТ и ЦАП проводится заключительный этап работ по выводу параметров ИСУ на верхний уровень АСУТП.

В 2018 году закончены работы по реализации проекта «Система автоматизации учета баланса жидкости на ЦППН». Целью внедрения являлась централизация мониторинга за всеми технологическими процессами и оперативное реагирование на изменение параметров технологических процессов ЦППН.

В 2018 году начато внедрение 100 единиц интеллектуальных станций управления бездатчикового типа VLT SALT с передачей информации на центрально-диспетчерский

пункт. С целью передачи скважинных параметров: расход, давление, температура и др., данные ИСУ укомплектованы контроллерами по требованию Заказчика.

В рамках обустройства скважин по «Программе бурения» 2015, 2017, 2018 гг. проводится выполнение комплекса работ под ключ по поставке, монтажу и наладке средств автоматизации на 203 добывающих скважинах. Мероприятия предусматривают оснащение скважин шкафом автоматизации с программируемым логическим контроллером, контрольно-измерительными приборами и абонентским терминалом беспроводной связи для передачи на ЦДП.

В рамках программы «Цифровизация Казахстана» (2018 г.) осуществлен переход с аналоговой системы радиосвязи на цифровую. Обновлен устаревший фонд оборудования систем связи в количестве 355 ед. цифровых ра-

диодстанций и 8 цифровых ретрансляторов для радиосвязи. Для полного обеспечения потребности дополнительно в 2019 году закуплено 255 цифровых радиостанций. Внедрена система видеонаблюдения на объектах месторождения Каражанбас по 1-этапу. В рамках данного проекта 6 перекрестков дорог месторождения оснащены 38 видеокамерами, созданы: Центр мониторинга системы с 2-мя АРМ оператора и серверная. Выполнены строительно-монтажные и пуско-наладочные работы систем «Автоматической пожарной сигнализации» на 95 объектах АО «Каражанбасмунай».

Реализация данных проектов в комплексе обеспечивает сокращение времени на сбор информации и быстрое реагирование на отклонение в работе технологических объектов, что, в свою очередь, позволит сократить объемы потерь добываемой нефти. **М**

*Рахымжан КУРМАНБАЕВ,  
Начальник отдела автоматизации  
производства*

## Қос мереке тойланды

Амал мерекесі күні «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасында 150 орындық заманауи үлгіде салынған тұрмыстық шаруашылық кешен жұмыскерлер игілігіне берілді.

Мерекеге компанияның кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов, транспорт жөніндегі басқарушы директор Айтқали Бәшенов, күрделі құрылыс жөніндегі басқарушы директор Бейсен Ратов қатысып, еңбек ұжымын Амал мерекесімен және жаңа қоныстарымен құттықтады.

«Бас-басыңа би болып, билік құрам дегенше, бас біріктіріп, тірлік құрам десеңші» деген қазақта керемет сөз бар. Қоғам талабына сай салынған ғимарат компаниядағы

азаматтардың ауызбіршілігінің куәсі. Көктеммен ілесе келген Аналар мейрамы, табалдырығымыздан аттаған Амал мерекесі құтты болсын. Басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын!» – деді Айтқали Бәшенов.

Басқарма директоры Зәуреш Чекенова: «Біз су жаңа кешен салып берген компания басшылығына шексіз ризамыз. Мұнайшылардан өнімді жұмысты талап ету үшін – еңбекке қолайлы жағдай жасау біздің міндетіміз» – деді.

Жаңа нысанның лентасын ардагер-мұнайшы Абыз Режепов пен Айтқали Бәшенов қиды. Мердігер компания өкілі Мұрат Нұрбайқосов символикалық кілтті Зәуреш Чекеноваға табыстады. Салтанатты шара Амал мерекесіне ұласты. **М**



## Атырауский НПЗ построит новые очистные сооружения

Об этом сообщил Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Шухрат Данбай на отчетной встрече с трудовым коллективом по итогам 2018 года.

*Денис КУРГАННИКОВ*

«В этом году мы запускаем проект TAZALYQ, то есть построим новые очистные сооружения. Мы изучили опыт мировых НПЗ и незамедлительно приступаем к проектированию нового современного комплекса. Пришло время действовать», – заявил глава предприятия Шухрат Данбай.

Модернизация очистных сооружений будет вестись в 4 этапа: строительство 1-ой линии механической очистки (МОС), реконструкция биологической очистки сточных

вод (БОСВ), строительство блока финальной очистки и строительство 2-ой линии МОС.

Реализация TAZALYQ позволит снизить водозабор из реки Урал за счет применения многоступенчатой системы очистки, а также удалять из стоков 99,9% загрязняющих веществ. Главное, существенно будет снижено негативное воздействие от деятельности предприятия на окружающую среду.

Модернизацию планируется завершить к концу 2023 года. **М**



Есназар СҰЛТАНОВ

Открывая встречу Гульшара Абдыкаликова отметила, что Первый Президент РК Н.А.Назарбаев на XVIII съезде партии «Нур Отан» поручил принять комплекс мер, направленный на оказание всесторонней поддержки социально уязвимым категориям населения.

– В первую очередь, я хочу призвать представителей бизнеса не допускать задолженностей по заработной плате, зачастую конфликты разгораются именно по причине задержки оплаты труда, – отметила Г.Абдыкаликова. – Также надо создавать безопасные условия труда для работников, статистика говорит, что смертность на производстве снижается, но, тем не менее, мы еще далеки от необходимых показателей. Кроме того, я прошу, чтобы руководители компаний рассмотрели возможность помощи многодетным женщинам.

В свою очередь Бердыбек Сапарбаев подчеркнул, что главная задача руководителей предприятий, независимо от форм собственности – это недопущение социального напряжения, важно чтобы работник был уверен в завтрашнем дне.

– Еще один важный вопрос – это жилье, – продолжил Бердыбек Сапарбаев. – Я хотел бы, чтобы руководители компаний в той или иной степени поддержали своих работников в отношении приобретения квартир. В первую очередь необходимо помочь тем, кто не имеет собственного жилья. Мы всегда поддерживали, и будем поддерживать бизнес. Когда государство и бизнес работают сообща и эффективно, не будет никаких социальных конфликтов.

Первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаунагаз» Бакыт Иманбаев рассказал о том, какие меры предпринимает руководство компании для социальной поддержки своих работников.

– В 2016 году между работниками, работодателем и профсоюзом был подписан Коллективный договор, и все социальные обязательства в рамках договора выполняются в срок и в полном объеме, – сказал Бакыт Иманбаев. – Например, одним из важных пунктов Договора является помощь многодетным семьям. Так, в 2018 году была оказана материальная помощь 801 сотруднику, воспитывающему 4-х и более детей на общую сумму 192,6 млн. тенге. При этом каждый

## ММГ: достойный социальный пакет, недорогая ипотека, помощь многодетным семьям.

16 марта в офисе АО «Мангистаунагаз» правительственная группа во главе с заместителем Премьер-Министра РК Гульшарой Абдыкаликовой и министром труда и социальной защиты населения Бердыбеком Сапарбаевым встретилась с руководителями крупных предприятий Мангистау. Правительственная делегация прибыла в Мангистаускую область для проведения информационно-разъяснительной работы по реализации Новых социальных мер Елбасы.

сотрудник получил разовую материальную помощь в размере 100 МРП. Хочу особо подчеркнуть, что начиная с 2017 года, финансовая помощь многодетным семьям увеличена в два раза – с 50 до 100 МРП. В целом за последние 5 лет многодетным сотрудникам компании была оказана материальная помощь на сумму более 804 млн. тенге. Кроме поддержки многодетных семей, мы оказываем материальную помощь работникам, воспитывающим детей-инвалидов – в 2018 году подобная помощь была оказана 146 семьям из расчета 50 МРП каждому получателю. Ежегодно работникам оказывается помощь в размере 50 МРП при рождении детей (в 2018 году 452 сотрудника получили матпомощь на сумму более 54 млн. тенге).

Также Бакыт Иманбаев сообщил, что решается вопрос с Народным Банком Казахстана по выдаче недорогих ипотечных кредитов для приобретения жилья (под 2% годовых) работникам компании из социально-уязвимых слоев населения.

– Выдача ипотечных кредитов под 2% – это очень хорошая инициатива руководства АО «Мангистаунагаз», – подытожил Бердыбек Сапарбаев. – В целом хочу сказать, что мангистауские нефтяники всегда отличались великодушием и состраданием. Два года назад работники компании «Мангистаунагаз» оказали большую помощь пострадавшим от наводнения в Актюбинской области. Мы это помним, и выражаем большую благодарность нефтяникам. **М**



## Әлеуметтік қолдау – әлеуетті қолдау

### Қоғаммен байланыс қызметі

Жуырда Атыраудағы «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гульшара Әбдіхалықова мен Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев және Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаевтың аймақтың кәсіпкерлік ұйымдар басшыларымен кездесуі өтті.

Алқалы жиында Г.Әбдіхалықова Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде әлеуметтік аз қамтылған отбасыларын қолдау және кірісті көбейту, табысы төмен отбасыларына тұрғын үй, білім беру және денсаулық сақтау салаларының мәселелерін шешу, аймақтардың кешенді дамуы бағытында берген тапсырмаларын жүзеге асыруға негізделген мемлекеттік қолдау шаралары жөнінде айтып өтті. Ал, министр Б.Сапарбаев өз сөзінде Атырау облысы бойынша жұмыспен қамту көрсеткіштеріне тоқталып, кәсіпорындарда Ұжымдық шарттың енгізілуі, еңбекақы берешектері т.б. мәселелерді көтеріп, ірі және орта бизнес өкілдеріне еңбек шарттары бойынша қазақстандық жұмысшылардың құқығын бұзу фактілеріне жол берілмеуі керектігін жіті назарда ұстауды тапсырды.

Кездесу барысында Атырау облысындағы ірі компаниялардың басшылары сөз алып, кәсіпорын жұмыстарынан қысқаша есеп берді. «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков отандық кәсіпорынның жұмыстарына шолу жасап өтті.

– 1922 жылы құрылған «Ембімұнайгаз» компаниясы өнім өндірумен қатар, әлеуметтік салаға ерекше мән беретін отандық кәсіпорын болып саналады. Жұмысшыларға тұрақтылық пен акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін бұл бағыттар компанияның миссиясы

мен өндірістік қызметтерінде айқын көрініс тапқан. Компанияның негізгі құндылығы – жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету. 2018 жылы өлім мен апаттық жағдайлар бойынша Компания нөлдік көрсеткішке қол жеткізді.

2012 жылдың 1 қазанынан 2018 жыл аралығында бюджетке салық төлемдері ретінде 897,1 млрд теңгеден астам, соның ішінде, 2018 жылы 199,2 млрд теңге қаражат аударылды. Аталған кезеңде өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 4,3 млрд теңгеден (соның ішінде 2018 жылы – 1,9 млрд теңге) астам қаржы бөлінді, – деп атап өтті өз сөзінде Ә. Жақсыбеков.

Сондай-ақ, Компания басшысы кәсіпорынның мемлекет пен жергілікті ұйымдар алдындағы жауапкершілігі және ЕМГ жұмысшыларына көрсетілетін әлеуметтік қолдаулар жайында кеңінен айтып өтті.

Соңғы жылдары демеушілік және қайырымдылық қолдау шаралары аясында ЕМГ 170-тен астам қоғамдық ұйым мен жеке тұлғаларға көмек көрсетті.

Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығу бағдарламасы шеңберінде ауыр жұмысқа жататын мамандық иелері 58 жас-тан бастап зейнеткерлікке шығып, ай сайын 5 жылға дейін жалақысының 48%-50%-ын алып отырады. 2014-2018 жылдар аралығында бағдарлама шарттары бойынша 237 жұмысшы мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шыққан, оның 213-і – ерлер, 24-і – әйелдер.

Компанияда Дуалды оқыту бағдарламасы жүзеге асқан 3 жыл ішінде Ембінің өндірістік нысандарында 93 студент дайындықтан өтіп, соның ішінде тестілеу қорытындылары бойынша жоғары балл жинаған 40 студент Компанияға жұмысқа қабылданды. Қазіргі таңда Компанияның өндірістік базаларында аталған жоба бойынша барлығы

23 студент білім алуда, 2019 жылы 19 студент бағдарламаға сай оқуды бастады.

Компания өз қызметкерлерін де жан-жақты әлеуметтік қамқорлыққа алған. Жақсы жалақы жүйесімен, жұмысшы-қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандырумен қатар, ЕМГ өз мамандарын қосымша сапалы әлеуметтік пакетпен де қамтып отыр.


Компанияда жергілікті халықты, көмекке мұқтаж жандарды қолдауға ниет етуші қызметкерлер қатары жыл санап өсіп келеді. 2015-2016 жылдарда облыста болған көктемгі жауынның салдарынан баспаналары бұзылған жандарға жұмысшылардың өз еріктерімен бір күндік жалақылары есебінен көмек көрсетілді. 2015 жылы жиналған

қаражатқа тәрбиесінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар 4 отбасының баспаналарына күрделі жөндеу жүргізіліп, жалғыздікті зейнеткерге жаңа үй салынып берілді. 2016 жылы 4 бала тәрбиелеп отырған Атырау қаласының тұрғынына жаңа баспана салынды.

Өткен жылы ембіліктер Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданында су тасқынынан зардап шеккендерге көмек ұйымдастырды. Мұнайшылар өз еріктерімен 12 миллион теңге қаражат жинап, оны «Біздің қала-Зырян» қайырымдылық қорына аударды. Оған баспаналары судың астында қалып, жарамсыз деп танылған Малеевск, Зубовск поселкелері мен Зырян қаласы маңы тұрғындарына 4 пәтер, 3 үй сатып алынды. **М**



«ҚазМұнайГаз» – еліміздегі көмірсутектерді барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау саласындағы **Ұлттық компания**.  
Бір шаңырақ астындағы ортақ ісіміз табысты болсын!



«Өзенмұнайгаз» АҚ

## Киелілік нүктесіндегі мереке



Наурыздың 14-і күні киелі Маңғыстау өңірінің жылдағы дәстүрі бойынша Отпан тауда Амал мерекесі тойланды. Амал биыл алғаш рет халықаралық деңгейде атап өтілді. Отпан тау Маңғыстаудың ең биік нүктесі. Кешегі жаугершілік заманда бұл жерде Ұран оты жағылып, батыр бабалар бір-біріне хабар беріп отырған. Қазіргі

бейбіт күнде маңғыстаулықтар көрісу күні бірлік алауын жағып, елді ынтымақ-бірлікке шақырып, Амал мерекесін тойлауды үрдіске айналдырды.

Маңызды шараға әлемнің түкпір-түкпірінен, атап айтатын болсақ, Қытай, Ресей, Германиядан қандастарымыз келіп, жүрекжарды тілектерін жеткізді. Маңғыстау облысының

әкімі Ералы Тоғжанов бірлік алауын жағу үшін атқа мініп тауға көтеріліп, елдің рухын көтергендей әсер қалдырды.

Мерекеге қатысқан «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев «Амал мерекесі ұлттың ұлы күні, салт-дәстүріміздің өлмес, өшпес болмысы. Ата-бабамыздың

бізге қалдырған ұлы өнегесі мен тәрбиесі. Баршаңызға амандық-саулық, құт-береке тілеймін. Жер-жаһанның жасарып, жаңаруы, шұғылалы көктемге аман жеткені-қуаныш. Ағайын-бауырмен амандасып, саулық сұрасқан да ғанибет. Амалдан амалға аман-есен жете берейік», – деп ізгі тілегін білдірді. **11**

Сервистік компаниялар

## Ынтымағы жарасқан ұжымнан береке кетпес



«Oil Construction Company» ЖШС

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға қарасты мұнай сервистік компаниялары қызметкерлері жылдағы үрдіс бойынша Наурыз мейрамын кең көлемде атап өтті. «Oil Construction Company» ЖШС және «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС еңбек ұжымдары мерекелік шараны Қазақстан халқы үшін рухани-мәдени тәрбиелік мәнін арттырып, маңызын дәріптеп, отбасылық мейрам ретінде қалыптастыруды мақсат ете отырып ұйымдастырған.

Айман Есбосын  
Сәуле Жұмабекова

«Oil Construction Company» ЖШС-де вахта ауысып, қызметкерлердің төрт көзі түгенделетін мезгілде қазақ үйлер тігіліп, еңбек ұжымы кең алаңда бас қосты. Мекеменің бас директоры Ақылбай Сапаров ұжымды жыл басымен құттықтай келе, кәсіпорын жаңа доңыз жылын таза табыс, екпінді еңбек, қарқынды қызметімен қарсы алып отырғанын атап көрсетті. Қаламқас және Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінде көп жылдан бері адал еңбегі және қол жеткізген табыстары үшін бір топ мамандар Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Жұмыскерлер арасында ұлттық ойындар өткізіліп, мереке көркін қыздыра түсті. Жергілікті өнерпаздардың әуелетіп салған әні кен орын аспанына шалқып еркін көтерілді. Ұлттық киім киіп, қырдың қызғалдағындай жасанған, жазғы күнде жайраңдаған қыз-келіншектердің сән-салтанаты бұл күннің басқа күндерден ерекше екенін айқындай түсіп, ұлы тойдың басталғанын паш еткендей. Мерекелік шара аяқталысымен вахтасы аяқталған жұмыскерлер елге жетуге асыға басып, көлікке мініп жатса, жаңа вахта жұмыскерлері автобустарына мініп жұмыс орындарына бет алды.

Ақтау қаласында «Oil Construction Company» ЖШС жұмыскерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен орталық кеңсе аумағында Наурыз тойға қызметкерлер отбасы мүшелерімен бірге шақырылды.

Балалар өз өнерлерін паш етіп, жиналған жұртшылықты тәнті етті. Қуыршақ театрынан шақырылған қонақтар мерекелік шоу көрсетіп, ортаны думанға толтырды. Ұлттық киімнің ең әдемі жарасымды үлгілерін көрсеткен бикелерге бағалы сыйлықтар ұсынылды.

Берекені көктен емес, бірлігі мол көптен тілейтін аталарымыз көпшіліктен береке кетпейтінін, берекелі жерден мереке кетпейтінін де деп басып айтып кеткен. Сондай берекелі ұжым ұлыстың ұлы күнінде ауызбіршілік пен ұйыған ынтымақтың тағы да бір үлгісін көрсете білді.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС де наурыз мейрамы күні арнайы киіз үй тігіп, қазақтың ұлттық тағамдарны дайындап, Сенімгерлік басқарма ұжымдарын қонаққа шақырды.

Шара барысында мекеменің бас директоры Серік Кеулімжаев әріптестеріне: «Жер дүниені жаңартып, ерте көктемде келетін Ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын! Сізге және жанұяларыңызға бақыт-береке, ашық аспан, игі жақсылықтар және толағай табыс тілеймін! Жылдан жылға еліміз өрлей берсін, көркейе берсін!» - деп игі тілегін айтты.

Одан кейін сөз алғандар Серіктестіктің бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Бердіғали Сүгіров, кәсіподақ төрағасы

Марат Темірқасов ұжымды құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Жиналған жұрт дастарханда бас қосып, мерекелік думан әуелеген әнмен әрленіп, кейіннен сұлу да кербез қыз-келіншектердің ұлттық киімдер сайысымен жалғасты. Қазақтың ұлттық киімдерін киген «ОТК» ЖШС сұлу да кербез қыз-келіншектері қазақтың әр жас аралығына қарай киетін ұлттық киім үлгілерін көрсетті.

Наурыз мерекесіне орай мұнай-газ өндірісі саласында атқарған көпжылдық адал еңбегі және көлік мекемесінің дамуына қомақты үлес

қосып, жоғарғы көрсеткіштерге жеткені үшін бірқатар маман Серіктестік бас директорының Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Шараның салтанатты бөлігінен кейін алаңда ұйымдастырылған арқан тарту жарысы өтті. «ОТК» ЖШС және МТКБ-ның білекті де, жүректі азаматтары арқан тарту және гір тасын көтеру сынды спорттық ойындарымен өзара бәсекеге түсті. Спорт түрлерінен өткен сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табысталды. **11**



«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС



## Кенбайдағы көрісу

Биыл ембілік мұнайшылар Амал мерекесінде «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-не қарасты қойнауы қазынаға толы Кенбай кең алаңында бас қосты. Көпшілікке белгілі Кенбай кең алаңын 1995 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев салтанатты түрде ашқан еді. Наурыз тойын тойлау барысында мұнайшылардың күшімен дайындалған әр түрлі театрландырылған көріністерде ән мен күй төгілді.

### ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Бұл ерекше мерекені ембіліктермен бірге тойлауға «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев пен өндіріс жөніндегі басқарушы директоры Мәлік Сәлімгереев келді. Құттықтау сөз алған Жақып Нәсіпқалиұлы «Көрісу – табиғаттың шуағы мен жылылығын, нұрын төгетін, күннің ұзаратын, тіршіліктің жаңаратын керемет кезеңі. Көрісу – ынтымақ пен бірліктің, ырыздық пен берекенің бастауы. Көрісу – тазарудың, қайырымдылық пен мейірімділіктің күні» дей келе, «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының төсбелгісін «Доссормұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстарын

жүргізу цехының 5-дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы Дариға Ақмурзиеваға табыстаса, ҚМГ ҰК Құрмет грамотасымен бір топ қызметкерді марапаттады.

Өткен жылдың көрсеткіші бойынша өндірістік бағдарламаны табысты орындаған ембіліктер өнім өндіру жоспарын 55 мың тоннаға асыра орындағанын атап өткен жөн.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков те ембілік мұнайшыларды мерекемен құттықтап, сала үздіктеріне құрмет көрсетті.

### МҰРАЖАЙҒА ТАЙҚАЗАН СЫЙҒА ТАРТЫЛДЫ

Кенбайдағы Наурыз тойын тойлау кезінде көптің назарына іліккен Тайқазан мерекенің

сәнін одан әрі арттыра түсті. Ұлыстың ұлы күнінің символы саналатын Тайқазанды «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімінің слесарі Қуаныш Мұхтаров өз қолымен дайындаған. Әріптесіміздің айтуынша, салмағы шамамен 150 келідей болатын осындай әдемі Тайқазанды дайындау үшін 18 күн уақыт кеткен.

– Дәнекерлеу саласында 26 жылдай қызмет етіп, ал «Қайнармұнайгаз» басқармасында 15 жылдай жұмыс жасап келемін. Тайқазанды жасау үшін төрт бұрышты құбырлар, қалыңдығы 0,8 мм болатын темір жайма қолданылды. Оларды әртүрлі мөлшерде кесіп алып, Тайқазанның кейпіне келтіріп, дәнекерледім. Аяқтары мен қақпағы да темір

жаймадан жасалған. Бұдан кейін дайын оюларды сыртына жабыстырып, алтын түсті бояумен боялды, іші матамен қапталды, – дейді Қ.Мұхтаров.

«Қайнарлық» мұнайшылар Тайқазанды аудандық мұражайға сыйға табыс етті. Осы орайда, «қайнарлықтардың» Наурыз тойын жоғары деңгейде өткізуге үлкен ұйымшылдықпен атсалысқандарын атап өткен жөн. Елуге жуық қызметкер өз қаражаты есебінен арнайы тапсырыспен ұлттық нақыштағы киім тіктірген.

### ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Кенбай кен орнында тойланған мерекеде қаз-қатар ақшаңқаң үйлер тігіліп, наурыз көже әзірленіп, ұлттық ойын түрлерінен сайыстар өтті. Қарбалас жұмыстан бір сәт босаған мұнайшылар бұл күні қызметкер емес, қонақ болды. Жастар жағы арқан тартып, кір тасын көтеріп күштерін сынаса, енді бірі білек күшін сынап бақты.

Ұлыстың ұлы күніне орайластырған мұнайшылар қалашығындағы мейрам мұнайшы өнерпаздармен қатар Н.Жантөрин атындағы облыстық филармония әншілерінің концерттік кешімен жалғасын тапты. **М**



## Әз-Наурыз – Ұлттық компанияда

19 наурызда «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының орталық аппарат қызметкерлері Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесін атап өтті. Мереке өткен жердегі көңілді әуен жиналушыларға ғажап көңіл-күй сыйлағанын аңғармау мүмкін емес. Астаналық «Жастар» театрының актерлері қойған «Көктемнің келуі» театрландырылған көрініс мерекенің сәнін онан сайын келтіре түсті. Күн мен түннің теңескен көктемгі мерекесі, жыл сайын асыға күтетін жарқын үміт, жастық пен жаңару-мерекесі, бүкіл әлемге береке, бақыт пен бейбітшілік дарытатын Ұлыстың Ұлы күні Әз-Наурыз шынында да биыл орталық аппарат қызметкерлеріне бар сән-салтанатымен келгендей әсер қалдырды.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары Данияр Берлібаев және басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Қарабаев барша әріптестерін киелі де қасиетті мерекемен шын жүректен құттықтап, еңбектеріне та-

быс, шаңырақтарына амандық, ырыс-береке тіледі.

Мерекеде «Ауыл кеші көңілді» музыкалық-театралдық көрініс те келушілердің көңілінен шықты. Мереке қарсаңында ұйымдастырылған шағын футболдан болған турнирдің жеңімпаздарына да мереке аясында құрмет көрсетілді. Шағын футболдан өткен турнирге төрт команда қатысты. Олар

– «Mangystau Service Company» ЖШС, «ҚМГ ӨжБТ ФЗИ» ЖШС, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және ҚР Энергетика министрлігінің командалары. Тартысты өткен турнирде министрліктің аяқдоп шеберлері бірінші орынды жеңіп алды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ командасы жүлделі үшінші орынға табан тіреді. Турнирде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ командасының ойыншылары Алматы Саржанұлы «Үздік қорғаушы»,




Илияс Ақынбеков «Үздік қақпашы» атанды. Мереке барысында турнир жеңімпаздарына дипломдар табысталды.

Бір-бірімен көріскен ұжымдастар дастарқан басында наурыз көжеден ауыз тиіп, жақсы тілектер айтты. Сондай-ақ жиналған қауым қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне қатысты сұрақ-жауап викторинасына, арқан тарту ойындарына қатысып, маз-мәйрам болысты. **М**





## «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында еңбек ететін әйелдер статистикасы\*



\* Есепке 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» тобының мұнай өндіру, мұнай сервистері, мұнай өңдеу және маркетинг компаниялары алынды.



## «Мұнайшы қыз» клубының маңызды шаралары

«Ембімұнайгаз» АҚ-да «Мұнай-газ саласындағы әйелдердің рөлі» тақырыбында Энергетикалық әйелдер кеңесінің мәжілісі өтті. Аталған ауқымды шараға еліміздің мұнай-газ саласындағы әйелдер клубтарының жетекшілері мен белсенді мүшелері қатысты.

*Қоғаммен байланыс қызметі*

Мәжілісті ашқан «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков пен Атырау облысы әкімінің орынбасары, облыстық әйелдер кеңесі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның төрайымы Айгүл Әжіғалиева шара жұмысына сәттілік тіледі.

Мәжілісте сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және

қаржы жөніндегі орынбасары, Компаниядағы «Мұнайшы қыз» әйелдер клубын құрушы Рысты Тасмағамбетова күн тәртібіндегі негізгі мәселеге көшпес бұрын алдымен аталмыш шараны ұйымдастыруға мұрындық болған KAZENERGY қауымдастығының Энергетикалық әйелдер клубының төрайымы Айзада Аққайсиеваға кең аудиторияда кезде-

суге мүмкіндік жасағаны үшін алғыс айтты. Р.Нұрғалиқызы өзінің презентациясын жалпы Ембі өңірінде еңбек етіп жатқан барша қыз-келіншектер туралы жан-жақты ақпарат берумен бастады.

Мұнай-газ саласында ер-азаматтармен иық түйістіре табысты еңбек етіп жүрген ембілік қыз-келіншектер бүгінде білім жағынан да айтарлықтай табысқа қол жеткізген. 477 қыз-келіншекте бір диплом болса; екі диплом – 165 адам, магистр дәрежесі – 24 адамда бар. 172 әйел – көп балалы ана мәртебесін алса, 138 ананың тәрбиесінде мүмкіндігі шектеулі балалар бар, ал 138-і жалғызбасты аналар. «Ембімұнайгаз» АҚ-да еңбек етіп жатқан 884 әйелдің 54-і басшылық қызметте; 61-і геолог

мамандар, 113-і инженерлер, 12-сі өндіріс шебері, 308-і оператор болып табысты еңбек етіп жатыр. Қиын кәсіпке жататын токарь мен слесарь мамандығы бойынша 6 әйел еңбек етсе, 1 мұнайшы әйел Ұңғымаларды жер асты жөндеу бригадасында шебер болып жұмыс жасауда.

Компаниядағы «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының құрылғанына биыл бір жыл толды. Осы уақыт ішінде клуб мүшелерінің ұйымдастыруымен бірнеше тиімді шаралар өтті. Нақтылайтын болсақ, бүгінде өзінің тиімділігін көрсетіп жүрген әдістің бірі – тренинг өткізу. Осы форматтағы шаралар Компанияға қарасты барлық басқармаларда ұйымдастырылып, «Өзін-өзі дамыту және ораторлық шеберлікті қалыптастыру формалары» және «Қатерлі аурудың алдын алу» тақырыбында өтті. 2018 жылы мұнайшы қыз-келіншектердің ішкі потенциалын дамыту, олардың жан-жақты дамуына қолдау көрсету және оларға медициналық кеңестер беруді көздеген тренингтердің жалпы саны – 5-еу болды.

«Отбасылық құндылықтар, тәрбие мәселелеріне қолдау білдіруді мақсат еткен мұндай шараларымызды одан әрі жалғастырамыз деп жоспарлап отырмыз. Біз осы бағыттағы жұмыстарымызда мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға ұйытқы болып, ұрпақтар сабақтастығын жаңдандыруға ерекше мән береміз» – деп атап өтті Р.Тасмағамбетова.

Энергетикалық әйелдер кеңесінде Қазақстан «Халық Банкі» Басқарма төрағасының орынбасары Ж.Сатубалдина, KAZENERGY қауымдастығының Атқарушы директоры Л.Ахмурзина, «Теңізшевройл» БК» ЖШС жетекші қаржы талдаушысы А.Сүйінішбекқызы, «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы А.Жайлашева, NCOS компаниясының материалдарды жеткізу бойынша кеңесшісі З.Сүлейменова, Атырау облыстық Іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Н.Айтиевалар да презентация жасап, көпшілікті өз ұжымдарындағы клуб жұмыстарымен кеңінен таныстырып өтті. Алда кезегін күткен шараларды ортаға салып, өз ұсыныстарын білдірді. **М**

## Ғылым мен тәжірибені ұштастырған

Маңғыстау мұнайлы өлке болған соң, мұнда өнеркәсіп саласына жастайынан бейім болып, арман-мұратын да тек өндіріспен байланыстырған жастар көп. Ал егер отбасында мұнайшылық кәсіппен шұғылданатын біреу болса, ол дегеніңіз көп ретте әкеден балаға ауысып отыратын әулет дәстүріне айналатыны әмбеге аян. Бағдаттың атасы Қойлыбай Қаражанов өндіріс ортасында жүрмегенімен, осы салаға жақын адам. Ол кісі – Маңғыстау өңіріне белгілі физика пәні мұғалімі. Атасы кішкентайынан қолында өскен немересін әу бастан ғылымға, технологияға бейімдеп өсірді. Бағдат та зерек бала болды, ақылман атасының айтқандарын бір-екі айтқаннан-ақ қағып алатын.

Жанкелді ҚАРЖАН

Мектепті үздік бітіріп, оқуын Алматыдағы Қазақ-Британ техникалық университетінде жалғастырды. 2011 жылы осы жоғары оқу орнын тәмамдап, «Мұнай-газ ісінің бакалавры» біліктілігін алды.

Сол жылдың тамыз айында «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның №2 Мұнай өндіру цехына мұнай-газ операторы болып қызметке қабылданған ол осы жерде екі жыл бойы еңбек етті. Одан кейін компанияның Күрделі құрылыс департаментіне ауысып, жылдан артық уақыт бойы жобалау инженері қызметін атқарды.

Жас адамға білім керек. Заманның талабы да сол. 2014-2016 жылдар аралығында Венгрияда мұнай-газ саласы бойынша магистратурада оқып, білім алды. Елге оралған соң, 2016 жылдың соңында «Қаражанбасмұнай» АҚ №2 Мұнай өндіру цехында оператор болды.

Одан көп ұзамай №1 Мұнай өндіру цехына ауысты да, осында бір-екі жылға жуық уақыт өндіріс геологы қызметін атқарды. Ал 2018 жылдың мамыр айынан бері Ғылыми-зерттеу және өндіріс жұмыстары цехында (ФЭЖЦ) ұңғымаларды зерттеуші аға инженер болып еңбек етуде. ФЭЖЦ үш бағытта жұмыс істейді. Олардың біріншісі мұнайды физикалық-химиялық талдау, химиялық күйін анықтау болса, екіншісі – үдеріс кезіндегі қабат қысымы мен ұңғыма түбінің қысымын, өнімділік коэффициентін анықтау. Үшінші бағыт – кен орнында былтырдан бастап қолға алынған Сапфир бағдарламасы бойынша жұмыстар.

Бағдат Нұркенұлының бос уақыты жоқ деуге болады. Жұмыстан қолы қалт еткен уақытының бәрін ғылымға арнайды. Бұған дейін АҚШ, Аустрия, Аустралия елдерінің беделді жоғары оқу орындарынан PhD док-



орындарының мұнай бергіштігін арттыру мәселелері. Бағдаттың әзірге биік арманы да осы.

– Әрбір кен орнының өзіндік ерекшеліктері болады, – дейді жас ғалым. – Айталық, мұнай өндіру саласындағы ғылыми жетістіктердің кез келгенін «Қаражанбас» кен орнына әкеліп іске қосуға болмайды. Себебі, жер шарының әр түкпіріндегі мұнай қоры, сапасы, түрі, құрамы, тағы басқа да көптеген қасиеттері бойынша бір-біріне сәйкес келе бермейді. Мұның бәрі алдын ала тиянақты зерттеуді қажет етеді. Қаражанбас мұнайына ұқсас өнімдер шығаратын кен орындары Аустралия, Канада, Венесуэла, АҚШ, Қытай елдерінде ғана бар. Бұларды біріктіретін нәрсе – мұнайдың тұтқырлығы, жалпақ тілмен айтқанда, қоюлығы. Бұл кеніштердің мұнайы, оның үстіне, жеңіл әрі тез жылжығыш болып келеді.

Бағдат Нұркенұлы Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан елдерінің беделді ғылыми басылымдарында бірнеше салмақты тұжырымдарға негізделген мақалаларын жариялаған

Ғылыммен де, практикалық тәжірибелермен де қоса қабат шұғылданып жүрген Бағдат Нұркенұлының ғылыми талпыныстары көңілге үлкен үміт ұялатады. Қазақ елінің өркениетін алға сүйрейтін де осындай ойлы жастар, ақылы озық азаматтар. Елбасы «Жастар жылы» деп жариялаған биылғы жыл он екі айда ең алдымен осындай озық ойлы жандар, олардың ел игілігіне құт-береке әкелер идеялары қолдау тапса екен. Біз соған тілектеспіз. **М**



Жаңаарқа ауданының тумасы Ақсұңқар 1990 жылы дүниеге келген. Жасынан күреске жаны жақын ол бала күнінен боз кілемге шығып, ауыл, аймақ деңгейіндегі жарыстарға қатысып жүрген. Жеңіс тұғырынан көрінген. Алайда қазақша күреспен 19 жасынан бастап шындап айналысып, байрақты бәсекелердің шыңдарын бағындыра бастаған екен.

– Қазақша күреспен Қарағанды қаласындағы политехникалық колледжде оқуға түскеннен кейін мықтап айналыса бастадым. Негізі тұқымымызда палуандар жоқ. Бірақ менің аңсарым күрестің осы түріне ерекше ауды, ұлттық спорт түрі бәрінен де жаныма жақын тиді. Әрине, спорттың басқа түрлеріне жақын болсам да, қазақ күресінің орны мен үшін ерекше, – дейді атасулық мұнай құбыршы палуан.

Бір атап өтерлігі, Ақсұңқар осы күнге дейін көптеген ірі турнирлерде алтыннан алқа таққан спортшылардың бірі. Мәселен ол жыл сайын Қарағанды облысында бұқаралық ұлттық спорт түрлері бойынша өткізілетін «Сарыарқа» спартакиадасының қазақша күрестен жеті дүркін чемпионы екен. Аталмыш спорт додасы ауылдық, аудандық

## «Қазақстан барысының» ауылы алыс емес

Елімізде қазақша күрестен алғашқы ең ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиадада өткен екен. Сол уақыттан бері төл белдесу жарыстары қарқын алып, жер-жерлерде ұдайы ұйымдастырылып келеді. Оған елімізде жыл сайын жалауын көтеретін «Еуразия барысы» және «Қазақстан барысы» сынды іргелі жарыстар да дәлел. Аталмыш спорттық ірі додаларда бақ сынауға дайын сайдың тасындай палуандар мұнай құбыршылардың арасынан да табылады. Солардың бірі – «ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы «Атасу» бас мұнай айдау станциясында электр монтері болып еңбек ететін Ақсұңқар Нұркеев.

Бейбіт БӨЖЕНОВ

және облыстық болып бөлініп, үш кезең бойынша өтеді. Мысалы, былтыр үш кезеңге сегіз мыңдай спортшы қатысса, облыстық ақтық кезеңде сегіз жүздей спортшы бақ сынаған. Осыншама «сен тұр, мен атайын» жүйріктердің арасында Ақсұңқардың табылып қана қоймай, жүлделі орыннан көрінуі оның шеберлігін паш етіп тұрғаны анық. Сонымен қатар ол әр жылдары «Сарыарқа барысында» бақ сынап, Павлодарда өткен самбо күресінен де екінші орын иеленген екен. Айта берсек, алған марапаттары жетерлік.

– Қазіргі күні Қарағанды облысында күрес федерациясы екі клубқа бөлінді. Біздерді іріктеп, жарыстарға жіберіп отырады. Жылына 4-5 іргелі турнирлерге қатысамыз. Мәселен, былтыр қазақша күрестен Қазақстан Республикасының конфедерация кубогында командалық есепте үшінші орынды қанжығаладық. Сегіз салмақ дәрежесі бойынша он төрт облыстық палуандары қатысқан жарыстың іріктеуі Астана, ал ақтық сайыстар Алматы қаласында өтті. Мен 90 кг салмақ дәрежесі бойынша бақ сынадым, – дейді Ақсұңқар Нұркеев.

Қарағанды облысының намысын республикалық сайыстарда абыроймен қорғап жүрген кейіпкеріміз «ҚазТрансОйл» компаниясының атынан да кез келген күреске түсуге әзір екенін айтады.

– Біздің компаниямызда жыл сайын спартакиада ұйымдастырады. Ол құптарлық іс, – дейді ол. – Сол «спартакиадаға қазақша күресті неге қоспасқа» деген ойдамын. Себебі қазір еліміз бойынша ұлттық спорт түрлеріне

баса мән берілуде. Мәселен, жыл сайын республикалық деңгейде «Әскер барысынан» жүлделі орын алған екі палуан «Қазақстан барысына» жолдама алады. Ал жақында Қарағанды қаласында да ERG жұмыскерлері (шахтер, металлургтер) арасында осындай жарыс өтті. Оның жеңімпаздары да «Қазақстан барысына» жолдама алады.

Мұнай-газ саласы компаниялары арасында да осы сияқты жарыс өтіп, жүлдегерлер «Қазақстан барысына» жолдама алып жатса нұр үстіне нұр ғой.

Ақсұңқардың алар асулары әлі алда. Отызды бетке алған әріптесімізді алдағы күндері «Қазақстан барысы» секілді іргелі жарыстардан да көреміз деген үміт зор. **М**





## КЕРІ БАЙЛАНЫС

### Құрметті әріптестер!

«Munaily meken» корпоративтік газетінің редакциясы **«Сұрақ-жауап»** айдарын ашып отыр. Осы айдар арқылы қызметкерлер «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы басшылығына **mm@kmg.kz** электрондық мекенжайына хат жолдай отырып, өз сұрағын қоя алады. Ең маңызды сұрақтардың жауаптары «Munaily meken» газетінің әр санында жарияланып тұратын болады. Кері байланыс қызметін пайдаланыңыз!

## ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ

### Уважаемые коллеги!

Редакция корпоративной газеты «Munaily meken» открывает рубрику **«Вопрос-ответ»**. Благодаря этой рубрике сотрудники смогут задать свои вопросы руководству Национальной компании «КазМунайГаз», направив письмо на электронный адрес **mm@kmg.kz**. Ответы на самые интересные вопросы будут публиковаться в каждом номере «Munaily meken». Пишите и получайте ответы!

Газетіміздің электрондық мекенжайына наурыз айында келіп түскен сауалдардың басым бөлігі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға қарасты Қаламқас кен орнында болған төтенше жағдайға байланысты болды. Аталған кен орнында болған өрт 2019 жылғы 28 наурызда түнгі сағат 01:05-те сөнгенін хабарлаймыз. Қазіргі таңда грифондардың беті жабылып, газ-су қоспасының жер астынан шығуы тоқтатылды. Осы оқиға бойынша жиі қойылған сұрақтардың жауабын назарларыңызға ұсынамыз.

**? 1. Төтенше жағдайға байланысты «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының мұнай өндірудегі шығыны қанша болатынын айта аласыздар ма?**

**!** Біздің есебіміз бойынша, мұнай шығыны болмайды. Өйткені ұңғыма әлі пайдалануға берілген жоқ еді және апат бұрғылау құрылысының бас кезінде орын алды. Бұл жағдай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның мұнай өндіру көлеміне әсер етпейтінін атап өткен жөн.

**? 2. Оқиға салдарынан зардап шеккендер бар ма? Жергілікті тұрғындарға және экологияға қаншалықты зиян тигізуі мүмкін?**

**!** Құрбан болған және зардап шеккендер жоқ. Адамдардың тіршілік ету әрекеттері үшін де қауіп болған жоқ: «Қаламқас» кен орнына жақын маңдағы елді мекендер 70 км астам жерде орналасқан (Шебір ауылы). Апаттық ұңғымадан Каспий теңізінің қорғаныс бөгетіне дейінгі ара-қашықтық 4,5 км, яғни ілеспе судың теңізге тікелей төгілуі мүмкіндігі болмады. Арнайы комиссия «Қаламқас» кен орнында болған апатты зерттеу жұмыстарын бастады, оның нәтижелері бойынша тиісті шаралар қабылданатын болады. Сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген зиян мөлшері анықталады.

**? 3. Қаламқас кен орнындағы мұнай қоры туралы айтып берсеңіз.**

**!** Қаламқас – Қазақстанның Маңғыстау облысындағы Бұзашы түбегінде орналасқан мұнай-газ кен орны. Солтүстік-Бұзашының мұнай-газы бар аумағына қарайды. 1976 жылы ашылған. Игерілуі 1979 жылы басталды. Кен орын қойнауында жалпы баланстық мұнай қоры 638,7 миллион тоннадан асатын 13 өнімді қабат бөлігі бар.

**? 4. Что такое грифоны?**

**!** Под грифонами, происходящими в процессе бурения, освоения и эксплуатации скважин, следует понимать фонтанные газо-водопроявления вскрытых пластов, выходящие на земную поверхность по трещинам, высокопроницаемым пластам или по контакту цемент — порода за пределами устья скважины.

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ  
Газет Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрлігінде есепке қойылып,  
№ 17496-Г куәлігі берілген.

**Мекен-жайымыз:**  
010000, Астана қаласы,  
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,  
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

### Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz  
Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz  
Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz  
Рәмир Нигматулин – R.Nigmatulin@kmg.kz  
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz  
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: **+7 (7172) 78 91 49**

e-mail: **mm@kmg.kz**

Газет айына 1 рет шығады,  
Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС  
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,  
41-үй, 476 кеңсе.  
Тел.: +7 (7172) 68 00 79